

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУЛЕР



Қауіпмі!

Мұндай ескертуді елемей электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.

- Бұл құрылғыны бекітілген қабырға розеткасының дәл қасына қоймау керек.
- Бұл құрылғыны душтың, ваннаның, раковинаның, бассейннің және т.б. жанында пайдаланбаңыз.
- Егер қуат кабелі зақымданса, барлық қауіп-қатерлерді жою үшін оны өнім жасаушысы немесе рұқсаты бар техникалық қызмет орталығы ауыстыруы керек.



Маңызды!

Мұндай ескертуді елемей жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балаларға бұл құрылғымен ойнауға болмайды. Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді

балаларға бақылаусыз орындатпау керек.

- 3 жасқа толмаған балаларды үздіксіз бақылау болмаған жағдайда жолатпаңыз.
- 3 жастан асқан және 8 жасқа толмаған балалар құрылғыны тек қалыпты жұмыс істейтін орынға орналастырғанда немесе орнатқанда және олар бақылауда болғанда немесе құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және болуы мүмкін қауіп-қатер туралы ақпарат берілгенде ғана іске қосуы/ажыратуы керек. 3 жастан асқан және 8 жасқа толмаған балалар құрылғыны розеткаға қоспайды, реттемейді, тазаламайды немесе техникалық күтім көрсетпейді. **ЕСКЕРТУ — Осы өнімнің бөліктері өте ыстық болуы және күйіп қалуға себеп болуы мүмкін. Балалар және мүмкіндіктері шектелген адамдар бар жерде оларға өте мұқият назар аудару керек.**
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** қауіпсіздік жүйесін байқамай қайта орнатудан туындайтын кез келген қауіп-қатердің алдын алу үшін, бұл құрылғыны таймер сияқты сыртқы таймермен іске қосу керек немесе қуат бергіш қосып-ажыратып тұратын желіге жалғанған

болуы керек.

- Бұл құрылғыны үздіксіз бақылау болғанға дейін өздері шығып кете алмайтын адамдары бар шағын бөлмелерде пайдалануға болмайды.



Күйіп қалу қаупі бар!

Мұндай ескертуді елемеу күйіп қалуға әкеп соқтырады.

- **ЕСКЕРТУ:** Қызып кетудің алдын алу үшін ешбір жағдайда құрылғыларды пайдалану кезінде оның бетін бүркемеңіз, себебі бұл қауіпті қызып кетуге себеп болуы мүмкін.



Ескеріңіз:

Бұл таңба пайдаланушыға арналған маңызды ұсыныстар мен ақпаратты білдіреді.

- Құрылғыны әрқашан тік бағытында пайдаланыңыз.
- Ұзартқыш сымдарды пайдалану ұсынылмайды. Дегенмен, оларды пайдаланудан бас тарту мүмкін болмаса, ұзарту сымымен берілген нұсқауларды орындаңыз және ұзартқышта белгіленген қуат шегінен ешқашан асырмаңыз.
- Қыздырғышты мүліктен немесе басқа нәрселерден кемінде 50 см алшақ орналастырыңыз.
- Бұл құрылғыны еден ауданы 4 м² кем болатын бөлмелерде пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны сақтап қоймас бұрын, оның толық ажыратылғанына және розеткадан толығымен суырылғанына көз жеткізіңіз. Кабельді негізіне ораңыз. Оны шаңды орталарға сақтамаңыз.
- Құрылғының үстіне ешнәрсе қоймаңыз.
- Бұл құрылғыны жуылған киімдерді кептіру үшін пайдаланбаңыз. Ауа кіру тесігі мен шығу торларын жаппаңыз (қызып кету қаупі болады).

- Бұл құрылғыны қабырғаларға, жиһазға, перделерге және т.б. жақын жерде пайдаланбаңыз.

Қауіпсіздік функциялары

- **Қауіпсіздік құрылғысы:** бұл құрылғы шамадан тыс қызған жағдайда (мысалы, ауа кіру тесігі мен шығу торларының бітелуінен, мотор жай айналғанда немесе мүлдем айналмай қалғанда) оны ажырататын қауіпсіздік құрылғысымен жабдықталған. Ондай жағдайдан кейін құрылғыны қалыпты күйге келтіру үшін, ашаны қуат розеткасынан бірнеше минутқа суырып қойыңыз, шамадан тыс қызу себебін жойыңыз да, розеткаға қайта жалғаңыз. Егер бұл құрылғы жұмыс істемесе, De'Longhi тұтынушыларға қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз.
- **Қауіпсіздік құрылғысы:** құлау қауіпсіздігі құрылғысы құрылғы құлап кеткен жағдайда немесе қауіпсіздікті төмендетуге әкеп соқтыратын жолмен дұрыс орнатылмаған жағдайда құрылғыны ажыратып тастайды. Құрылғы дыбысты сигнал шығарады және дисплейде нүкте жыпылықтайды. Құрылғыны тігінен қайта қойған соң құрылғы бірнеше секундтан соң жұмысын жалғастырады.

КІРІСПЕ

Осы De'Longhi өнімін таңдағаныңызға рахмет. Осы нұсқауларды оқып шығуға бірнеше минут бөліңіз. Бұл барлық қауіп-қатерлер мен құрылғының зақымдануының алдын алады.

СИПАТТАМАСЫ

- | | |
|----------|--|
| A | ON/STAND-BY (ҚОСУ/ҚУТУ РЕЖИМІ) түймесі |
| B | +/- реттеу түймелері |
| C | Тербелту түймесі |
| D | ECO (ЭКО) функциясының түймесі |
| E | Таймер түймесі |
| F | MODE (РЕЖИМ) түймесі (пайдалану режимін таңдауға арналған) |
| G | Қашықтан басқару құралының қабылдағышы |
| H | Қуат индикаторының шамы |

- I Артқы қақпақ
- J Сүзгі

ПАЙДАЛАНУ

Орнату

- Бұл құрылғыны кез келген көлденең бетке пайдалануға болады.
Электр желісіне күш түсірмеңіз. Бір розеткаға басқа құрылғылардың да қосылуын болдырмаңыз.

Электр желісіне қосу

- Құрылғыны розеткаға енгізбес бұрын, розеткадағы қуаттың құрылғыдағы төлқұжат тақташасында көрсетілген қуатпен сәйкес екеніне және розетка қуаты түсіретін жүктің сәйкестігіне көз жеткізіңіз.
- БҮЛ ҚҰРЫЛҒЫ РАДИО КЕДЕРГІСІН БАСУҒА ҚАТЫСТЫ 2004/108/ЕЕС СТАНДАРТЫНА САЙ.

Іске қосу және пайдалану

- Құрылғыны розеткаға қосыңыз.
- Құрылғы іске қосулы болған кезде құрылғы дыбысты сигнал шығарады және индикатор шамы (H) жанады және жанған күйде қалады. Құрылғы STAND-BY (KYTY) күйіне өтеді.
- Құрылғыны іске қосу үшін ON/STAND-BY (ҚОСУ/КҮТУ РЕЖИМІ) (A) түймесін басыңыз. Ол алдын ала айқындалған параметрмен қызуды бастайды.
- Мына қол жетімді функциялардың біреуін таңдау үшін MODE (РЕЖИМ) түймесін басыңыз.
- **Желдету ✖**
Осы жұмыс істеу режимінде тек желдеткіш ғана жұмыс істейді және құрылғы бөлмені жылытпайды.
- **Қатудан қорғау ✖**
Осы жұмыс істеу режимінде құрылғы қатудың алдын алу үшін бөлме температурасын 7°C деңгейінде сақтайды.
- **Қыздыру 1 және Қыздыру 2**
Бұл жұмыс істеу режимінде қалаған температураны + және – реттеу түймелерін (B) басу арқылы реттетеуге болады.
- **Қыздыру 1 (ең төменгі қуат деңгейі)**

Құрылғы ең төменгі қуатпен жұмыс істеу арқылы шуыл және тұтынылатын қуат деңгейін барынша азайтады.

- Қыздыру 2 (ең жоғарғы қуат деңгейі):

Бөлмені тез қыздыру үшін құрылғы ең жоғарғы деңгейдегі қуатпен жұмыс істейді.

Эко функциясы

Осы жұмыс істеу режимінде іске қосулы болған кезде құрылғы қуат тұтынуды азайту барысында ең жақсы қолайлылыққа кепілдік беру үшін ең тиісті қуат деңгейін автоматты түрде орнатады. Ең жоғарғы температура параметрі – 26 °C. Бұл функцияны іске қосу үшін, ECO түймесін (D) басыңыз.

- Егер бұл құрылғы ауа ағынын үлкен аймаққа таратсын десеңіз, тербету түймесін (C)  басыңыз. Құрылғы одан кейін оңға және солға тербеле бастайды. Тербелуді тоқтату үшін тербету түймесін (C) қайта баса салыңыз.
- Құрылғыны өшіру үшін, ON/STAND-BY (ҚОСУ/КҮТУ) түймесін (A) басыңыз. Дисплей шамамен 6 секунд бойы кері есептеу таймерін көрсетуі мүмкін. Құрылғыны толығымен өшіру үшін, ашаны розеткадан суырыңыз.

 **Ескеріңіз:** Дисплей температураны °C және °F өлшем бірлігі бойынша көрсете алады. Температура шкаласын өзгерту үшін, + түймесін бірнеше секунд басып тұрып, босатыңыз.

24 САҒАТТЫҚ САНДЫҚ ТАЙМЕР

Бұл функцияны кез келген пайдалану режимінен іске қосуға болады.

Кешіктіріп қосу: құрылғы STAND-BY (KYTY) режимінде болған кезде, (E)  таймер түймесін басыңыз. Дисплейде белгі мен іске қосылуға дейінгі уақыт  көрсетіледі.

Таймерді орнату үшін, + және – реттеу түймелерін (B) пайдаланыңыз, сосын бағдарлама орнатылуы үшін бірнеше секунд күтіңіз. Дисплей қайтадан  күту режиміне өтуді көрсетеді және белгі таймер  орнатылғанын көрсетеді. Бағдарламаланған уақыт аяқталған кезде, құрылғы осыған дейінгі пайдалану кезеңінде пайдаланылған

параметрлермен іске қосылады.

Кешіктіріп өшіру: Құрылғы қосылған кезде, таймер түймесін (E)  басыңыз.

Дисплейде белгі мен өтуге дейінгі  уақыт көрсетіледі. Таймерді орнату үшін, + және – реттеу түймелерін (B) пайдаланыңыз, сосын бағдарлама орнатылуы үшін бірнеше секунд күтіңіз. Дисплей қайтадан ағымдағы параметрді көрсетеді және белгі  таймер орнатылғанын көрсетеді.

Бағдарламаланған уақыт аяқталған кезде, құрылғы автоматты түрде ажыратылады. Таймерсіз пайдалану режиміне қайтқыңыз келсе, таймер түймесін (E) екі рет басыңыз. Дисплейден таймер  таңбасы жоғалады.

Қашықтан басқару құралын пайдалану

Қашықтан басқару функциялары басқару тақтасындағы функцияларға сай. Функциялардың сипаттамалары туралы ақпаратты алдыңғы беттегі «Іске қосу және пайдалану» бөлімінен көріңіз.

Батареяларды салу немесе алу

- Қ а ш ы қ т а н басқару құралы CR2032 литий батареясымен б е р і л е д і . Қ ұ р ы л ғ ы ғ а жұмыс істету үшін, батарея қақпағындағы қ а б ы қ ш а жолақты тартып алып тастаңыз.
- Батареяларды ауыстыру үшін, батарея қақпағын бұрап алып тастаңыз. 1-суретте көрсетілгендей дұрыс полярлыққа назар аударып, батареяны орнына салыңыз.
- Қақпақты CLOSE (ЖАБУ) бағытына қарай бұрау арқылы орнына салыңыз.
- Ескі батареялар қоршаған ортаға зиян және оларды алып, қолданыстағы тиісті заңға сай әдіспен қоқысқа тастау керек.



1-сурет

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

- Кез келген техникалық күтімді көрсету алдында құрылғыны әрқашан розеткадан суырып отырыңыз.
- Құрылғы үнемі қолданыста болатын

мезгіл барысында ауа кіру тесігі мен ауа шығу торын шаңсорғышпен тұрақты түрде тазалап отырыңыз.

- Құрылғыны тазалау үшін ешқашан қырғыш ұнтақтарды немесе ерітінділерді пайдаланбаңыз.
- Артқы торды сыртқа қарай тарту арқылы шығарыңыз.
- Бөлме ауасындағы шаң жиналатын шаң сүзгісін алып, жайлап үрлеңіз де, құрылғыға қайта салыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Қуат беру Төлқұжат тақтасын көріңіз
Тұтынылатын қуат “

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі: өнімдегі таңбалауға қараңыз
Үлгі: “
Кернеу: “
Жиілік: “
Қуаты: “

Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.
via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy
Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.
Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

Көдендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауап көршілікті және импортер:

“Делонги” ЖШҚ
127055 Ресей, Мәскеу қ.
Сушѐвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат
Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

ERC

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

ПРОБЛЕМА	СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Егер құрылғыда «PF» жазуы көрсетілсе және дыбысты сигнал шықса	Температура датчигі дұрыс жұмыс істемейді	Тұтынушы тәжірибесі орталығына хабарласыңыз
Өнім өшірілмейді	Ашаның розеткаға қосылғанын тексеріңіз Авто іске қосу функциясы іске қосылған Бөлме температурасы орнатылған температураға жетеді	Розеткаға қосыңыз Уақыт аяқталғанша күтіп, авто іске қосудан бас тарту үшін (Е) түймесін екі рет басып, одан кейін (А) түймесін басыңыз Орнатылған температураны көбейту үшін «+» түймесін пайдаланыңыз
Егер осы құрылғы күтпеген кезде ажыратылса	Ашаның розеткаға қосылғанын тексеріңіз Температураға жеткенде немесе орнатылған таймер уақыты аяқталғанда өшірілген болуы мүмкін	Розеткаға қосыңыз
Жасылнүкте жыпылықтайды және құрылғы өшеді	Құлау қауіпсіздігі функциясы іске қосылған	Құрылғының жалпақ бетте тұрғанына көз жеткізіңіз, егер Егер құрал жұмыс істемесе, Тұтынушы тәжірибесі орталығына хабарласыңыз.
Дисплейде "Ht" (Ыстық) жазуы жыпылықтайды	Ішкі температура тым жоғары. Ауа кіру және шығу торында кедергі бар	Құрылғының қабырғаға немесе басқа нәрселерге дейінгі қашықтыққа пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей етіп дұрыс орналастырылғанын тексеріңіз, олай болмаса, құрылғыны дұрыстап орналастырыңыз Кедергіні алып тастаңыз Қосқыш ашаны розеткадан суырып, құрылғыны салқындатыңыз. Бірнеше минуттан соң құрылғыны розеткаға қайта қосыңыз. Егер құрылғы жұмыс істемесе, тұтынушыларды қолдау орталығымен хабарласыңыз